

Р.М.Айтжанова, К.Т.Көшкімбаев

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті*

## **Жалпы білім беретін мектеп оқушыларына этнокөркемдік білім берудің маңыздылығы**

Мақалада жалпы білім беретін мектептің оқу-тәрбие процесіне қойылатын өте маңызды және күрделі талаптардың бірі — оқушыларға этнокөркемдік білім берудің маңыздылығы жан-жақты қарастырылған. Ғылыми зерттеулерде этнокөркемдік білім берудің проблемасының әр түрлі қырлары көрсетілген. Сондай-ақ балалардың дәстүрлі мәдениетіміздің маңызын түсініп, өздерінің эстетикалық, адамгершілік қасиетін арттырып, еліне, жеріне, Отанына деген асқақ сүйіспеншілігін, патриоттық сезімін ояту аспектілері анықталды. Ал бұл өз ретінде құзыретті, бәсекеге бейім және әлеуметтік ортада өзін-өзі басқара алатын тұлға қалыптастыруға ықпал етеді.

*Кілтті сөздер:* жалпы білім беретін мектеп, оқу-тәрбие процесі, оқушылар, этнокөркемдік білім берудің маңыздылығы, ғылыми зерттеулер, дәстүрлі мәдениет, эстетикалық қасиет, адамгершілік қасиет, патриоттық сезім.

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттердің ең бастысы — өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, ұрпақ тәрбиелеу. Өйткені қоғамның алға басуы көп ретте бүгінгі ұрпақтың қандай дәрежеде білім алып, тәрбиеленуіне тікелей байланысты.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев Ұлттық Кеңестің мәжілісінде жасаған баяндамасында (2003 ж.): «Мәдени мұраларымызды жүйелеп, оларды қалпына келтіру, сақтау, одан әрі дамыту ісіне кең көлемде білек түре кірісетін кез келді. Ұлттық мәдениетімізді ұлықтап, бар мен жоғымызды түгендеп, жүйелеп, келер ұрпаққа аманат ету — «Мәдени мұра» бағдарламасының басты мақсаты болуы тиіс,» — деп, болашақ жас ұрпақты тәрбиелеуде қазақ халқының ғасырлар бойы жинақталған аса бай мәдени мұрасы мүмкіндігінің жоғары екендігіне айрықша назар аударады.

Демек, жастарды жан-жақты қабілетті азамат етіп өсіруде ұлттық құндылықтарымыздың тәлім-тәрбиелік, білімдік, танымдық маңызы зор.

Халқымыздың атадан балаға ғасырлар бойы там-тұмдап жинақтаған рухани қазынасы тоталитарлық кезең әсерінен күйзеліске түсіп, тоқырады. Осы жағдай өскелең ұрпақтың өз халқының этноәлеуметтік және этномәдени құндылықтарынан ажырап қалуына қатты әсер етті. Мектеп қабырғасында жүрген кезеңнен бастап жас жеткіншектердің өз халқының бай мұраларын қастерлеп сақтауы — елдігіміз бен егемендігіміздің негізгі өлшемі.

Қоғамды ізгілендіру, демократиялық ағарту, этномәдени білім беру, гуманитарлық пәндерді жетекші деңгейге көтеру міндеттері Қазақстан Республикасының Гуманитарлық білім беру тұжырымдамасында өте орынды қойылған. Әсіресе отбасындағы, әулеттегі, мектепке дейінгі тәрбие, бастауыш, орта, арнаулы орта білім беру кезеңдеріндегі оқу-тәрбие үрдістерін ізгілендіруге аса мән берілген.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің міндеттері: ... азаматтық пен өз Отаны — Қазақстан Республикасын шексіз сүйюге, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, ... әлемдік және отандық мәдениеттің жетістіктеріне баурау, қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу, мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін меңгеру», — делінген.

Қазіргі кезде халқымыздың тарихи мұраларының қалыптасуы мен дамуын және оның негізгі бағыттары туралы зерттеу мәселелері жөнінде жалпы ойларды жинақтауға кең мүмкіншіліктер бар. Ұлттық өнердің тарихы — халық тарихының ең маңызды құрамдас бөліктерінің бірі. Онда ғылыми таным процесі мен халықтың шығармашылық ізденістері, ұлттық ойлау жүйесі орын тапқан. Халқымыздың ұлттық өнерінде тарихты жан-жақты түсіну үшін үлкен негіз және әдіснамалық құрал боларлықтай мазмұн бар. Ол қоғамдық сананың басқада түрлерімен тығыз байланысты.

Сондықтан біз жалпы білім беретін қазақ мектептерінің тәжірибелерін зерттеу кезінде мұғалімдер практикасында оқушыларға ұлттық тәрбие беру жайы төмен деңгейде екенін, өйткені олардың ол мәселе бойынша теориялық білімдері, практикалық іскерліктері мен дағдылары жетіспейтінін көрдік. Олай болу себебі, кеңестік дәуірде Қазақстанда қазақтың ұлттық мектебі

дамыған жоқ, мектептер қазақ орта мектебі деп аталғанымен ондағы оқу-тәрбие жұмысының бағдарламалары, оқу және әдістемелік құралдары ұлттық тәрбиенің ерекшеліктерімен санаспаған орыс тіліндегі аудармасы арқылы жүзеге асырылды. Ал педагогикалық жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдер оқушыларға ұлттық тәрбие беруге даярланбады.

Осыған орай халқымыздың сан ғасырлық рухани мұрасын, әсіресе оның тілін, тарихын, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, тәрбиесін, этностың тұлғасын қалыптастыратын мәселелер ғылыми-теориялық тұрғыдан талданып, зерделеуді қажет етеді [1].

Жалпы өнер дегеніміз — шындықты көркемдік бейне арқылы көрсететін, әлемді эстетикалық игерудің маңызды тәсілінің бірі болып саналатын қоғамдық сананың арнайы формасы мен адамның шығармашылық әрекеті. Өнер сұлулық заңы бойынша қоршаған орта мен өзін-өзі шығармашылық тұрғыдан өзгерту қабілеттерін қалыптастыру мен дамыту мақсаты, қоғам адамның болмысы рухани меңгерудің түрі. Өнер өзінің тарихи дамуы барысында нақты өнер түрінде шынайы өмірдің көпқырлылығын бар байлығымен көрсете алатын жүйе ретінде дамиды. Өнер бір рет пайда болғаннан кейін дами отырып, адамның әр жақты қабілетін қалыптастырады, жетілдіреді, әлеуметтік іс-әрекеттер мен танымын кез келген саласында — ғылымда болсын, саясатта болсын, тұрмыста және тікелей еңбекте де іске асырылады.

Ұлттық бейнелеу өнеріміздің басты мақсаты — ата мұрамыздың рухани дәстүріне терең бойлап, қазақ өнерінің қоғамдық өркениетке тұяқ іліктіруінің қамын ойлауда жатыр.

Тарихта «Адасқан ұлдың оралуы» сияқты әйгілі қылқалам шебері Харменс ван Рейн Рембрандттың сәтімен полотенноға түсірілген шығармасы бар емес пе, дәл солай ұлттық өнеріміздің тарихи дәстүрі де қайтып оралады.

Мәдениеті қалыптасқан іргелі ел болу үшін де қазақ халқы, алдымен, өз өнерінің тарихы тереңіне бойлап, тұнып тұрған өнер мұрасының құндылығы мен маңыздылығын танып, әлемге шын тұлғасын ашып көрсете білуі керек.

Ұлттық өнерді дамыту саласын кеңейтуді, ең алдымен, халқымыздың салт-сана, әдет-ғұрыптарымен, мәдени-тарихи дәстүрімен ұштастырып отырсақ, көздеген мақсатымызға жетеміз деп ойлаймыз. Өйткені ұлттық өнердің көсегесін көгертіп, халықтың дәстүрлі жаңарту ісі өз алдына оқшау тұрған нәрсе емес, тарихи-мәдени үрдіспен біте қайнаса келіп, нақты тұрмыстық-әлеуметтік ортамен келгенде, дәл қазіргі кезеңде дамып келе жатқан рухани мұрамыздың ұлттық өнермен етене сабақтасып жатқанын сезінуге тиіспіз.

Ал ұлттық бейнелеу өнерін әлемдік өркениет деңгейіне көтеру үшін, біздің ойымызша, оқушыларды ұлттық өнерге тәрбиелеу аса маңызды [2].

Осыған орай этникалық мәдениеті ұрпаққа жеткізуде *этнокөркемдік білім берудің маңызы* жөнінде отандық ғалымдарымыздың зерттеулерінен мынадай ойларды түйіндеуге болады: дәстүрлі мәдениеттің маңызы оның эстетикалық, адамгершілік қасиетін арттыру, ал, екінші жағынан, жастардың еліне сүйіспеншілігін, патриоттық сезімін арттырады; ұлттың сана-сезім компоненттері қалыптасуының алғышарттарын құрайды; жеке тұлға өзімен өз қоғамы туралы түсінігін, ұлттық ерекшеліктер мен өзін ұқсатады, жеке тұлғаның эмоциялы-этникалық қалыбы, ұлттық құндылықтары, қалыптасады.

Түсіну әрі оларға сапалы көзқарасы, жеке тұлғаның этникалық байланысқа этнос арқылы әрекет жасауы; ұлттық мәдениеті адамзатың жан-жақты дамуына мүмкіндік береді әрі әр халықтың өткен тарихи ізгі бастауларын іздейді.

«Этнокөркемдік білім беру» ұғымының мәнін анықтау үшін біздің зерттеуімізге арқау болған бірнеше ғалымдардың этносқа байланысты зерттеген еңбектерін қарастырдық.

Л.Н.Гумилевтің айтуы бойынша, этностың пайда болуы пассионарлық дүмпуден басталып, соның күші жойылғанша этнос ішіндегі пассионарийлер мен субпассионарийлердің күресінен, текетіресінен құралып, ғасырлар бойы созылып, этностың құруымен аяқталады. Ол дүмпу — пассионарий адамдардың әрекеті, ондай адамдар этностың гүлденуін қамтамасыз етеді. Бастапқыда олар бастаған этнос соғысып, бабаларымыздың айтуынша, «тізесі барды бүктіріп, басы барды игізіп», өзін танытып, өміріне қажетті кеңістік, жер, ландшафт иемденіп, соның қожасы болады. Сол жерде тұрып, дамып, гүлдеп, мәдениеті шарықтап, толастайды. Заман өте этностың пассионарийлері азайып, субпассионарийлері көбейіп, ол әлсіреп, рухани азайып, мәдени тозып, жоқ болады. Ал адамзат тарихы одан әрі жалғаса береді.

Біздің зерттеуімізге негіз болған Л.Н.Гумилевтің этнос теориясын түйіндейтін болсақ, ұлттың қалыптасуының, дамуының өзара байланысты, үйлесімді сатылары, көптеген жылдарға созылады.

Дамудың жаңа кезеңі келесі пассионарлық күштің әсерінен болады. Бұл жерде жаңа пассионарлық популяция пайда болады. Ол ескі этносты жоймайды, керісінше, этногенездік процестің дамуына жол ашатын жаңа ұлт өкілін, яғни этнос субъектісін, дүниеге әкеледі.

Сондықтан жоғарыдағы қарастырылған мәселелер бойынша мына сенімді ой-тұжырымдарға келуге болады деп ойлаймыз: ұлтаралық қарым-қатынастар тұсында этностардың кірігуі, сіңісуі, этностың ыдырауы, жойылуы немесе жою процестері елеусіз жүріп жатады. Қоғамдық, әлеуметтік, саяси ықпалдардың салдарынан мұндай процестердің даму қарқыны жылдамдап не бәсеңдеп отырады. Ол ең алдымен этнос өкілінің өзіне тән ұлттық белгілеріне (туған тілі, туған тарихы, мәдениеті) ие болуына байланысты болады.

Ю.В.Бромлейдің ілімі көптеген этнос теорияларының ішінен, өзінің көп мағыналығымен және мұқият талдауымен ерекшеленеді. Біз үшін ғалымның этностың дуалистік табиғаты жөніндегі идеясы аса құнды. Этностың дуалистік табиғаты жөніндегі идеясының бастамасы мынада этнос тар мағынада «этникос», кең мағынада — «этноәлеуметтік организм» (ЭЭО) деген ұғымға ие болады.

Әрбір ересек адам, қай жерде жүргеніне қарамастан, қандай да бір этносқа жатады: кейде оның негізгі өзегін құраса, кейде оның «елеусіз» бөлігіне енеді. Осының нәтижесінде адамзат кез келген мезгілде «этникостар» жиынтығы болып табылады [3]. Мысалы, белгілі бір себептермен кезінде өз ата жұртынан басқа (Монғолия, Қытай, Франция, Германия, Түркия) елге қоныс аударған қазақтар. Біздің зерттеуіміз үшін бұл теорияның маңыздысы, қандастармыз жер шарының қай жерінде жүрсе де өзінің тілін, тарихын, мәдениетін сақтап қалып, өз отанына оралуды мақсат етіп отыр.

Біз зерттейтін мәселе тұрғысынан алғанда, этнос субъектісін қалыптастыруда «әрбір адам ұлттың этникалық сипаттарына жататын және соған сай этникалық сана-сезімде көрініс беретін мәдениеттің, тілдің, мінез-құлықтың, тарихи тағдырдың, т.б. жалпылығын бірдей бөлісіп, белгілі бір мөлшерде түйсінген жағдайда ғана өз ұлтының мүшесі бола алады» деген Ю.В.Бромлейдің ой-пікірі аса құнды әрі маңызды [4]. Осыған сәйкес берілген теорияны қарастырып отырған мәселеміздің әдіснамалық негізі ретінде қабылдаймыз.

Сонымен, жоғарыдағы айтылған мәселелер бойынша мына сенімді ой-тұжырымға келуге болады:

а) этнос — өздерін өзге қауымдарға қоятын, шығу тегі жөнінде ортақ мифі бар, өзіндік сана-сезімімен, өзіндік атауы (этноним) және өзіндік бірегейлігімен өзгелерден ерекшеленетін күрделі динамикалық жүйе;

ә) этнос — құрамы жағынан өте күрделі адамдар бірлестігі және этнос этникалық қауымдастықты білдіреді;

б) этнос — кең мағынада этноәлеуметтік организм, оған мысал, экономикалық және саяси қауымдастығы бар ұлт;

в) этнос — өзіндік тәртіп таптауымен (стереотип) ерекшеленетін тұрақты, табиғи құрылған адамдар ұжымы;

г) этнос — табиғи-тарихи негізде қалыптасып, «біз» бен «оларды» салыстыру мен қарама-қарсылыққа негізделген адамдардың қауымдастығы;

д) этнос тобыр емес, ұжым, яғни әлеуметтік қауым. Бұл анықтамалардан түйіндейтініміз, «этнос» — тарихи уақытта заңдылықтарға сай өзгерістерге түсіп отырады және әлеуметтік өлшемде өмір сүреді.

Жоғарыда қарастырылып отырғандай, этностың маңызды сипаты мәдениет болып табылады. Өйткені этнос өкілінің ұлттық ерекшеліктері, ең бірінші, мәдениеттен көрініс береді. Елімізде болып жатқан түрлі теріс қылықтар ұлтымыздың кейбір өкілдерінің осы қағидаларды ескермеуінен туындайды. Өз ұлтының мәдениетін меңгеру барысында ғана этнос өкілінің ұлттық өзіндік санасы қалыптасады.

Этнокөркемдік білім — бұл өнердің белгілі бір саласында тұлғаның көркем шығармашылықпен айналысуы нәтижесінде арнайы білім мен іскерліктің, дағдының қалыптасуы, ұлттық көркем мәдени ерекшеліктердің сақталуы және халықаралық білім жүйесімен өзара үйлесім табуы болып табылады. Демек, этникалық мәдениеті ұрпаққа жеткізуде этнокөркемдік білім берудің маңызы өте зор.

Ал «көркемдік» түсінігі эстетикалық сөздіктерде көркем шығарманың эстетикалық жетістік деңгейі деп түсіндіріледі. Бұл терминнің тар мағынада қолданылуы қандай да бір көркем шығарманың сапасының критерийі болып алуан түрлі болуына байланысты қолданыла береді. Осы орайда айтылған ой-пікір жоғары көркемдік, шамалы көркемдік және тіптен көркем емес деп бөлінеді. Бұл тұрғыдағы «көркемдік» сөзі оның тұтастық деңгейіне көркем шығарманың шынайы әрі

терең мазмұндылығы және көркемдік форманың жетілуі ойдың тұтастығы мен шығарманың орындалуына да байланысты қолданылады.

«Көркемдік» өнердің сапасы мен оны жасайтын шығарманы анықтайтын ұғым болып табылады. Өнер әрқашан көркем, яғни сәнді, шығарма жасауға тиіс. Эстетикалық әсемділіктің өнерге тән ерекше түрін ажырату мақсатымен оған арнайы «көркемдік» ұғымы берілген. Білім берудің мақсаты мен мазмұны, оны ұйымдастырудың түрлері және әдістері, адамзаттың жалпы білім алу даярлығына қойылатын талаптар өркениетті педагогикалық идеяларға сәйкес өзгеріп отырады. Ол «не үшін және қалай нәтижелі оқыту керек?» деген сұрақ беруді көздейді. Осыған жауап іздер болсақ, эстетикалық тәрбиенің міндеті — жас ұрпақты өмірдің барлық салаларындағы: адамның өмірі мен тұрмысындағы, еңбектегі, көркем өнердегі, табиғаттағы, халық өнерінің тарихи дәстүріндегі сұлулық пен әсемдікті көре білетін, ұға білетін, байқай алатын азамат тәрбиелеу. Ал күнделікті өмір мен табиғаттағы әдемілікті түсіну, бақылау, байқау, пайдалану үшін оқушылардың халық өнеріндегі, ұлттық тарихи дәстүрінің танымдық қасиеттері жоғары, салауатты өмірдің түрлі салаларын жанға рухани азық, ләззатын ала алатын, сезім түйсігі ұшқыр, ақыл-ойы алғыр, терең білімді азамат болуы керек. Осындай ұрпақтың өмірге, тарихи дәстүрге, ұлттық өнерге деген эстетикалық көзқарасы оның мәдениеттілігінен көрініп тұрады.

Бүгінгі қоғам сұранысына сәйкес нәтижеге бағытталған білімнің жаңа сапасын жүзеге асыру — білім жүйесінің барлық салаларын — мектепке дейінгі білім беру салаларынан бастап, жоғары оқу орындарындағы білім беру жүйелерінде жаңа тұрғыдағы көзқарасты қалыптастыруы қажет.

Қазіргі замандағы ұлттық өнердің рөлі — мәдениеттің бір бөлігі сияқты, өзінің замандылығын сақтап қалуда. Міне осындай жол ғана этнокөркемдік білім беру құралының міндеттерін айқындап, үлкен жетістіктерге апарары даусыз [5]. Мысалы, суретшінің еңбегімен жасалған дүниелер арқылы әлемді сезіммен қабылдау қабілетін арнайы дамытуға болады. Бұл орайда өнер адамзаттық пайдалы-эмоционалды тәжірибесін сақтап, оны келесі ұрпаққа жеткізу құралы ретінде әсер етеді.

Білімді дамытудың жаңа парадигмасын жүзеге асырудағы үлкен қозғаушы күш — әлеуметтік гуманитарлық ғылым, яғни адам, қоғам, мәдениет жайлы ғылым болып табылады. Әлеуметтік гуманитарлық ғылымды шындыққа жанастыру үшін адамның гуманистік құндылығын, оның тарихи, құлықтылық, өнегелілік, эстетикалық санасын қалыптастыратын білімнің өзін жаңарту талап етеді. Мектеп білім алып, оқитын жердегі жүйе ғана емес, бұл қоғам дамуының бастауы, тәрбие мен даму мекемесі. Сондықтан жаһандану жағдайында күйзеліске ұшырауға жол бермеу үшін мектеп қабырғасында берілетін тәрбие мен білім беру саласына аса назар аударған жөн [6].

Қазақстан аймағының мәдениетіне терең көпұлттық сипат тән. Оның негізінде терең аймақта тұратын халықтар мәдениетінің өзара сусындауы, бірін-бірі толықтыруы, бірін-бірі байытуы жатыр.

Ұлттық көркем мәдениет әр ұлттың ерекшеліктеріне тән. Этникалық идея әр адамның өзін-өзі басқаруымен этностармен салыстыра отырып туындайды және дамиды.

Қазақстан Республикасының Білімді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында «адамзат жинақтаған білімді қарапайым түрде меңгеру деген білім мақсаты қазіргі ақпараттық ағымның үдеуіне байланысты пайдасыз болып қалады. Басты нәрсе білім, білік дағдыларды механикалық түрде беру емес, ақпараттық-интеллектуалдық ресурстарды өз бетімен ала алатын, талдай білетін, идея бере алатын, ылғи даму үстінде болатын және жылдам өзгерістегі әлем жағдайында іске асыра алатын тұлға қалыптастыру болып саналады» деп көрсетілген.

Көркемдік эстетикалық білім мен тәрбие беру мәселелерінің әдіснамалық жағына назар салудың бір жағы пәнді оқытып, үйрету әдістерін жасау негізінде алға шығады. Әдіс танымдық үрдістердің тәсілдері мен жолдарының жүйесі ретінде өнерді оқытуда маңызды рөл атқарады, оның нәтижелері көбінесе қолданылатын әдістердің жетілген дәрежесімен айқындалады.

Өнер адам жанының тереңдігіне әсерін көрсетуі жайлы Гегель өзінің эстетикалық тұжырымдамасында былай дейді: «Көркемдік шығармалар өзінің мазмұны мен құрлымында тиянақты бір әлем көрінісін құрса да, ол өзімен-өзі бір шеттегі шындық объект ретінде өзі үшін емес, көркемдік шығарманы сырттай бақылаушы және одан ләззат алушы біз үшін, көпшілік үшін қолданылады» деп қорытынды жасайды.

Жалпы білім мазмұнын жаңартудың ғылыми негізіне мектеп оқушысын белгілі бір қажетті біліктіліктер мен дағдылардың иесі, оқу әрекетінің субъектісі, әр түрлі мәдениеттермен өз көзқарасы тұрғысынан диалогқа түсетін автор және жас ерекшелігіне байланысты өз жасын қалыптастыруға күш жұмсап, еңбектенетін бала деп қарастыратын, осыған орай көп қырлы құрылымды білім-тәрбие мазмұнын анықтап, құруға көмектесетін қазіргі заманғы дамыта оқыту идеясы арқау болған.

Сонымен қатар бейнелеу өнері пәнінің білім мазмұны мен құрылымын анықтауда дамыта оқыту идеясынан басқа білім мазмұнның интегративті сипатын қамтамасыз ету, оқушының адамгершілігін, эстетикалық талғамын, мәдени-көркем білімін халықтың озық салт-дәстүрі, рухани-мәдени мұрасы негізінде тәрбиелеу сияқты ұстанымдар басшылыққа алынды.

Бейнелеу өнері — көру, шолу арқылы қабылданған шындықты көрсететін көркем шығармалар түрлерінің тобы. Бейнелеу өнерінің шығармалары — уақытта да, кеңістікте де өзгермейтін заттық форма.

Бейнелеу өнеріне мына түрлер жатады:

- сәулет өнері;
- мүсін;
- сыршырай;
- графика;
- сәндік-қолданбалы өнер.

*Сәулет өнері.* Сәулет өнері адамзаттың қоғамдық және жеке күнделікті өмірдегі сұраныстарына арналған ғимарат, құрылыс кешендерін тұрғызу өнері болып саналады. Кез келген ғимарат тіршілікке қажетті ішкі кеңістіктен тұрады, ол, сәулет өнері тілімен айтқанда, интерьер (ішкі көрініс) деп аталады. Оның ішінің бейнелеу ерекшелігі, кеңістікте еркін қозғалу, қолайлылық қажеттілігі мен белгілі бір атқаратын қызметіне тікелей байланысты.

Ғылым мен техниканың дамуына, сонымен бірге адамның материалдық сұраныстарының өзгеріп тұруына байланысты сәулет өнері материалдық мәдениеттің бір түрі болып саналады. Осыған қарамастан, сәулет өнерін біз нағыз бейнелеу өнер түрі деп қарастырамыз, себебі сәулет өнерінің көркемдік образдарында, қоғамдық өмірдің құрылымы, оның рухани мәдениетінің дамуы және эстетикалық идеялары бейнеленеді.

Сәулет өнері өзінің көркемдік гүлдену кезеңдерінде басқа да өнер түрлерімен бірге тығыз байланыста дамып отырады. Мүсін, кескіндеме, қолданбалы-сәндік, дизайн өнерлері ғимарат жобасының идеяларын нақты образдармен жүзеге асырады. Бұл жерде сәулет өнері мен бейнелеу өнерлерінің синтезі бірін-бірі толықтырып, байыта түседі.

*Мүсін өнері.* Мүсін өнері сәулет өнері тәрізді көлемді-кеңістікті өнер түрі, бірақ оның түпкі табиғаты қашанда бейнелеу өнері болып саналады.

Мүсінші жан-жақты қоршаған кеңістік пен жарықтың ортасындағы шынайы дүниені материалды түрде сезілетін көлемді пішіндер түрінде бейнелейді. Мүсін өнерінің басты тақырыбы — адам, оның сыртқы бейнесі арқылы ішкі рухани дүниесін жоғары сезімін, күштілігін ерік-жігерін күрделі психологиялық күйін ашып көрсету. Дөңгелек немесе жұмыр мүсіннің өзіндік ерекшелігі — образды әр қырынан қабылдап, оның үздіксіз өзгеріп отыратын сұлбасына қарап, жаңа әсер тудырып отыру мүмкіндігі. Табиғат пен күннің әр мезгіліне байланысты ауысып отыратын жарық пен көлеңке алмасуының ерекшелігін шебер қолдану мүсіннің пластикалық көркемдігін әсерлей түседі. Сонымен мүсін уақыт пен кеңістікте өзінің әр алуандығымен қабылданады. Мүсіннің көркемдігіне архитектуралық, пішін салмағы, жобаның негізгі құрылымы, жарық жазықтығы, көлем, сызықтар, түстік және ырғақтық арақатынастар тәрізді негізді заңдылықтар арқылы қол жеткізіледі және образ мазмұнын да нақты ашатын да осы айтылған заңдылықтар.

*Сыршырай өнері.* Сыршырай өнері кеңістіктегі өнер түрлеріне қарағанда өмірдің көріністерін түстер, жарық-көлеңке, сызықтар арқылы кеңістік өлшемдерін жазықтыққа түсіруімен ерекшеленеді. Сыршырай өнерінің адам бейнесін де, қоршаған ортаны да, табиғатты да және тағы басқа көріністерді бейнелеуге толық мүмкіндігі бар. Сыршырайшы түс пен жарық-көлеңкені, сызықтарды пайдалана отырып, өмір шындығын, әсіресе оның түстік байлығын толығымен суреттеп бере алады.

*Графика өнері.* Графика өнері тілінің өзіндік ерекшелігі оның сызықтары мен дақтарының еркіндігімен, біртұтас әрі қарапайым бейнелеу әдіс-тәсілдері ең басты ойды бейнелеуді тез, нақты қабылдауға мүмкіндік береді. Сурет бірегей болғанымен басып түсіру жолымен көбейту мүмкіндігінің арқасында гравюра алынады. Графика өнеріне қарындаш пен қағаз бетіне құрғақ қылқаламмен, көмір қарындаш, сангина, темірқаламмен салынған суреттер және біртүсті, көптүсті эстамп және ағаш, металл, тас, линолеум материалдарында орындалған гравюралық түрлері жатады. Сол сияқты кейбір кезде сулы бояуды да графика өнеріне жатқызады. Графика өнерін мынадай түрлерге бөлуге болады: қондырғылы — жеке композиция ретінде кітап иллюстрациялары мен кітап көркемдеу, газет, журнал суреттері, қолданбалы — пошта маркалары, шрифт, қазіргі кезде көбірек компьютерлік графика өнімдері қолданылады.

*Сәндік-қолданбалы өнері.* Сәндік-қолданбалы өнері туындылары өздерінің көркемдік эстетикалық қасиетімен, адамның күнделікті тұрмысын, интерьерді, қоғамдық ғимараттарды, көшелерді, алаң, саябақтарды әсемдеуде маңызды роль атқарады. Олар жиһаз, кілем, мата, киім, ыдыс, құмыралар, зергерлік бұйымдар мен ағаш, металл, қыш материалдарынан жасалатын заттар.

Қолөнер шеберлері заттың пішінінің шешімімен оның қолданыстағы функционалдылығының бірлігін қарастыра отырып, оның көркемдік мәнерлілігін ұштастырып отырады. Заттың эстетикалық құндылығы оның пішінінің сұлулығымен, сызық, түс, сұлба пропорцияларының дұрыс таңдалуымен бірге, материалдың өңделуінің шеберлігімен анықталады. Қолөнер туындыларының құрылымы мен пішінінің ою-өрнекпен тығыз байланысуы оның пішіні мен қолданыс мақсатын айқындайды.

Бейнелеу өнері өмірдегі шындық түрінде, сондай-ақ заттың материалдық формасы ретіндегі объективті қасиетіне және заттың көлемі, түсі, жарықтығы, фактурасы және кеңістік ортаға байланысты шығарылады.

Бейнелеу өнері пәнінің осы міндеттерді жүзеге асыратын ұғымдар мен түсініктер жүйесін біріктіретін мынадай блоктардан тұрады: сыршырай, сәндік-қолданбалы өнер, мүсін өнері және сәулет өнері. Әр блок мазмұнында іс-әрекеттің екі түрі қамтылады: өнерді қабылдау және практикалық көркем іс-әрекеттер. Өнерді қабылдау бөлімінде өнер шығармалары мазмұнын, суретшілер шығармалары мен олардың өнердегі шығармашылық өмір жолдары туады, мәліметтерді оқушылар өзара пікір алысуда әр түрлі өнер түрлерімен ойша мәдени диалог құру және тағы басқа әдіс-тәсілдермен меңгереді. Ал практикалық бөлімінде оқушылар жазықтықта бейнелеу, мүсіндеу, сәндеу және сәулет өнерінде құрастыру жолдарының технологиясын іс жүзінде орындап игереді [7].

Мұндай тәсілдердің ұтымдылығы — алдымен бала бойына патриоттық, ұлттық, этнографиялық сипаттар тез жатталып, намыс оты ұялайды. Сонан соң халқымыздың мәдени-рухани мұрасындағы бейнелеу өнерінің дәстүрі жайлы ой-пікір жалаң бейнеленбей, оларға жете таныс әдеп-дәстүрлік әңгіме, аңыздарды қосалқы сюжет етіп пайдалану арқылы астарлы жеткізу.

Ғылыми әдебиеттерге (философиялық, психологиялық-педагогикалық, мәдениеттану), ғылыми мақалаларға, жалпы білім беретін мектеп бағдарламаларына жасаған талдаулар әлемдегі әлеуметтік экономиканың түрленіп дамуына, әрбір адамның іс-әрекетін түрлендіруге талаптардың артуына және мәселенің теория мен практикада жеткіліксіз зерттелуіне байланысты оқушыларға этнокөркемдік білім беру мәселесі бүгінгі күні көкейкесті екенін дәлелдейді.

Осыған байланысты жоғарыда қарастырып отырған мәселелерді қорытындылай келе айтпағымыз, ұлттық бейнелеу өнері пәнінен жастардың жас ерекшелігіне қарай қазақ халқының тарихи дәстүрін, салт-санасын, әдет-ғұрпын, өмір сүру салттарын, алғыр ақыл-ойын, ерлік, батырлық бейнесін, өмірге деген құштарлығын, еңбек сүйгіштігін, яғни сұлулығын, тәрбиелей білсек, алда қойылар ұлы мақсат осы болмақ. Сондықтан да халық өнерінен бастау алып, ұлттық рухани мұрамыздағы мәдениетіміздің қайнар бұлағынан оқушылар сусындауы қажет.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 *Назарбаев Н.Ә.* Қазақстан — 2030: Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. — Алматы: Білім, 1997. — 171 б.
- 2 *Балкенов Ж.Ш.* Әдіптеу (стилизация): Ғыл.-әдіст. монография. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 1998. — 148 б.
- 3 *Гумилев Л.Н.* Этногенез и биосфера Земли. — М.: Айрис-Пресс, 2003. — 267 с.
- 4 *Бромлей Ю.В.* Очерки теории этноса. — М.: Наука, 1983. — 192 с.
- 5 *Бісқақ Ә.И.* Болашақ сәндік өнер мамандарының кәсіби даярлығын этнокөркемдік білім беру арқылы жетілдіру: Педагогика ғыл. канд. дис. — Шымкент, 2010. — 22 б.
- 6 *Айдарова З.Ш., Самұратова Т.К.* Жаһандану жағдайында өнердің алатын орны: III Халықарал. ғыл. «Алтынсарин оқулары» конф. материалдары. — Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім беру академиясы, 2010. — 81–85-б.
- 7 *Айдарова З.Ш.* Бейнелеу өнерінің жаңа мазмұны // Бейнелеу өнері және сызу. — Респ. ғыл.-әдіст. журн. — № 2. — 2005. — 2–4-б.

Р.М.Айтжанова, К.Т.Кошқумбаев

### **Значимость получения этнохудожественного образования учащимися общеобразовательных школ**

В статье рассматривается одно из важнейших и сложных требований к учебно-воспитательному процессу в общеобразовательной школе — важность этнохудожественного образования учащихся. Проблематика этнохудожественного образования показана с учетом разных точек зрения, представленных в научных исследованиях ученых. Одним из актуальных аспектов данной статьи является определение таких качеств личности, как почитание традиционной культуры, эстетическое и гуманистическое чувство прекрасного, любовь к своей стране, земле и Родине, чувство патриотизма. А это, в свою очередь, способствует формированию конкурентноспособной и самоуправляемой в социальной среде личности.

One of the major and difficult requirements to teaching and educational process in comprehensive school is the importance of an ethnoart education of pupils are considered in this article. The problem of ethno art education is shown in this article in different aspects of scientific researches. One of the actual aspect of this article is the determination of such qualities of the person as honouring of traditional culture are brought up at young generation, the aesthetic, humanistic feeling, love to the country, the earth and the Native land, feeling of patriotism develop. And in turn it influences to formation of competitive and homing in social circle of the person.